Тараз қ. орталықтандырылған кітапханалар жүйесі
Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі

# ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗ
# Ш. Уәлиханов - 180
# Виртуалды көрме

2015 жыл

Қазақ халқының ұлы перзенті, аса көрнекті ойшыл, ағартушы-демократ Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың (1835-1865) заңғар тұлғасы мен шығармашылық мұрасы әр қырынан сараланып, өз бағасын алып келеді. Оның дүниетанымы, әлеуметтік-саяси және экономикалық көзқарастары, шығыстанушы, тарихшы, географ, этнограф ретіндегі бітімі, әдебиет, тіл мен өнер мәселелері жөніндегі мұралары сан алуан еңбектердің арқауы болды.

Шоқан қазақ даласындағы географиялық нысандарға, өзендері мен көлдеріне, таулары мен қыраттарына, сай-саласы мен қойнауларына, олардың түркілік-қазақылық атауларына үңіледі. Қазақ жерін Солтүстіктен Оңтүстікке, Шығыстан Батысқа дейін картаға түсіріп, оған қазақ тілінде (араб қарпінде) түсіндірмелер береді. Сонымен ол болашақ ұрпаққа оның этностық территориясы туралы баға жетпес тарихи құжаттар қалдырады.

Кәшім ЕСМАҒАМБЕТОВ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор.

# Шоқан туралы дана сөздер

Құйрықты жұлдыз секілді,
Туды да, көп тұрмады.
Көрген, білген өкінді,
Мін тағар жан болмады.

**Абай**

Шоқан терең энциклопедиялық білімі бар, өз заманындағы ғылымда бірқатар мәселелерді жаңаша көтере білген кемелді ірі ғалым еді.

**Ә. Марғұлан**

Шоқаны бар ел - шоқтығы биік ел.

**Ғ. Мүсірепов**

Шоқан ақынжанды және шығыстық кейіптегі адам еді.

**Н.М. Ядринцев**




Шоқан тағылымы біздерге, ұлттық тарихи сана мен ойдың жетілуіне, кешегі өткенімізге жаңаша көзқарастың қалыптасуына жол ашады. Бізге Шоқан мұралары құндылығымен қымбат. Ол өзінің қысқа ғұмырында Ресейде оқып, орыстың ойшыл демократтар қозғалысының өкілдерімен байланыс жасап, қарым-қатынаста болды. Орыс ғалымдары, жазушылары ортасында болып, олардың ақыл-кеңестерін тыңдап, өз көзқарасын ашық білдірді.Өзінің ғылыми және саяси білімін көтерумен ұдайы шұғылданды. Кадет кезіндегі оқыту бағдарламасында әскери арнайы пәндермен бірге жалпы география, тарих, орыс және шетел әдебиеттері, философия негіздері, физика, химия, арифметика, алгебра, геометрия, тригонометрия пәндері және ауыл шаруашылығының негіздері оқытылды.Сонымен қатар сызу мен сурет салу жүргізілді. Француз және шығыс тілдері де оқытылды. Шоқан корпустағы оқу жылдарында көптеген шәкірттермен тығыз қарым-қатынаста болды. Мұның өзі Шоқанға ойлануға, оқуға, қоғамдық мәселелерге ден қоюға үлкен ықпал етті.

Қайсар Құсайынұлы,
Абай атындағы ҚазҰПУ – дің профессоры

**26.8(5Қаз)г**
**У17**

**Уәлиханов, Ш.** Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. 1 т. / Шоқан Уәлиханов. - А. : Толағай групп, 2010. – 376 б.




Мұнда қазақ халқының көрнекті ғалымы, ағартушы-демократ Шоқан Шынғысұлы Уәлихановтың өмірі мен қызметі жайлы мақалалар және оның 1851-1856 жж. аралығындағы тарих, география мен этнография, шығыс елдерінің ауыз әдебиеті және тіл біліміне қатысты еңбектері 1985 ж. Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институты дайындаган Ш.Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағының негізінде қазақ тіліне аударылып, жарияланып отыр.

Басылымда қазіргі уақыттың талаптарына сәйкес, грамматикалық және стилистикалық, ұғымдық ерекшеліктер ескеріле отырып, кең көлемді түсіндірмелер мен иллюстрациялар берілген.

Кітап жалпы оқырман қауымға арналған.











*Қазақ халық күнтізбесінің жұлдызнамалық белгісі.*
*Ш. Ш. Уәлихановтың суреті*



**26.8(5Қаз)г**
**У17**

**Уәлиханов, Ш.** Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. 2 т. / Шоқан Уәлиханов. - А. : Толағай групп, 2010. – 464 б.




Қазақ халқының көрнекті ғалымы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың көп томдық шығармалар жинағының екінші томына оның шығармашылық және ғылыми ойының шарықтаған 1856-1857 жж. жазылған еңбектері топтастырылды.

Томда ғалымның Қазақстан, Орта Азия және Шығыс Түркістанның тарихы, географиясы мен этнографиясы, деректануы бойынша жазылған ғылыми еңбектері жинақталып берілді. Бұл еңбектерде Ресейдің Батыс Қытаймен саяси және сауда қарым-қатынасы сипатталған, Қазақстан, Орта және Орталық Азия аумағын қоныстанған түркі халықтарының этникалық тарихы көрініс тапқан дәйекті материалдар берілген.



**26.8(5Қаз)г**
**У17**

**Уәлиханов, Ш.** Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. 3 т. / Шоқан Уәлиханов. - А. : Толағай групп, 2010. – 424 б.




Ш. Ш. Уәлихановтың көп томдық шығармалар жинағының үшінші томына негізінен қазақ ғалымының 1858-1859 жж. Қашғарға сапары кезінде жазған жолжазбалары, күнделіктері, Шығыс Түркістан және оған шекаралас Орталық Азия өңірлерінің тарихы, экономикасы, саясаты, географиясы жөніндегі зерттеулері енген.

Кітап 1985 ж. Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институты дайындаған Ш. Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағының негізінде қазақ тіліне аударылып, жарияланып отыр.



**26.8(5Қаз)г**
**У17**

**Уәлиханов, Ш.** Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. 4 т. / Уәлиханов Ш. - А. : Толағай групп, 2010. – 496 б.




Ш.Ш. Уәлихановтың көп томдық шығармалар жинағының төртінші томына негізінен ұлы ғалым өмірінің соңғы жылдары жазылған, тарих, этнография, құқық, деректану, тарихи география, хронология және генеалогия, Қазақстан және Орта Азия халықтарының материалдық және рухани мәдениетінің әртүрлі мәселелеріне арналған зерттеулері енген.

Кітап 1985 ж. Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институты дайындаған Ш. Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағының негізінде қазақ тіліне аударылып, жарияланып отыр.






26.8(5Қаз)г
У17

**Уәлиханов, Ш.** Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. 5 т. / Уәлиханов Ш. - А. : Толағай групп, 2010. – 528 б.




Ш.Ш. Уәлиханов шығармалары жинағының бесінші томына ғалымның өмірі мен қызметі туралы материалдар мен құжаттар енгізілген, оның отбасылық және қоғамдық ортасы, қызметтік және ғылыми өсу жолы баяндалған.

Шоқан Уәлихановтың қызметтік және ғылыми өмірбаянын қамтитын тараулар енгізілді, хронологиялық және тақырыптық тәртіппен құрастырылды. Орыс географиялық қоғамында баяндалған еңбектері енген.

«Хат алысулар» тарауында А.Н. Майковтың Ш.Ш. Уәлихановқа жазған хаты, Шоқанның Г.А. Колпаковскийге жазған екі хаты, сондай-ақ Ш. Уәлихановты Қашғарға (1859) апарған керуен басы Мұсабайдың есептері мен хаттарының сериясы берілді. Томның негізгі бөлігін көлемі бойынша да, мазмұны бойынша да Ш.Ш. Уәлиханов туралы оның замандастарының, әріптестері мен достарының баспасөзде жариялаған мақалалары мен шағын жазбалары құрайды.



26.8(5Қаз)г
У17

**Уәлиханов, Ш.** Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. 6 т. Әдебиеттердің мазмұндалған көрсеткіші / Шоқан Уәлиханов. - А. : Толағай групп, 2010. – 256 б.




Бұл кітап – қазақ халқының көрнекті ғалымы, ағартушы-демократ Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың көп томдық шығармалар жинағының алтыншы томы.

Мұнда ғалымның жарық көрген еңбектері, оның өмірі мен қызметі жайлы әр жылдары қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жазылған еңбектердің мазмұндалған көрсеткіші жарияланып отыр. Әдебиеттердің тізімі хронологиялық ретпен түзілген.

Кітап студенттерге, ізденушілерге, жалпы оқырман қауымға арналған.






63.3(5Қаз)
У17

**Уәлиханов, Ш**. Шығармалары [Мәтін] / Шоқан Уәлиханов. - А. : Ана тілі, 2010. – 320 б.




Қазақ халқының кемеңгер перзенті, санқырлы саңлақ ғалым Шоқан Уәлихановтың қалдырған тарихи-мәдени мұрасы ұшан-теңіз. Осынау асыл қазына – алтын арналарымыздың қазіргі таңда да тарихи және ғылыми мән-маңызы орасан зор. Ғалым әрі ағартушының мерейтойлық жинағына қайнары терең қазыналы мұраларының ішінен іріктелген құнды еңбектерінің бір шоғыры топтастырылды.

Кітап қалың оқырман қауымына арналған.




Түсініктемелер

Абылай




МАЗМҰНЫ

**63.3(5)** **Уәлиханов, Ш.** Алтышаһарға сапар [Мәтін] /
**У17** Шоқан Уәлиханов. - А. : Атамұра, 2006. – 304 б.




Қазақтың аса көрнекті ғалымы және ағартушысы Шоқан Уәлиханов мол тарихи мұра қалдырды. Оның халқымыздың тарихы мен этнографиясы туралы зерттеулерінің, сондай-ақ қазақ даласындағы әлеуметтік саяси қарым-қатынастар жайлы мақалаларының бүгінгі күнде де ғылыми маңызы зор. Алтышаһар немесе Қашқария туралы еңбегі Шығыс Түркістан халықтарының тарихына, географиясына, әлеуметтік құрылысына арналып, өз заманы ғылымының биік деңгейінде жазылған әлемдегі түңғыш зерттеу жұмысы болатын. Кітапқа Шоқанның осындай бірегей туындылары топтастырылды.

Кітап қалың оқырман қауымға арналған.



*Алтышарды сипаттағанда Уәлиханов мырза әртүрлі минералды заттардың бар екенін қысқаша айтып өтеді, олар аз зерттелгенімен, Керия ауылында алтынның көп мөлшерде жуылып алынатыны соншалық, тұрғындар салықты (Қытайға) осы металмен төлеп, оны жеке адамдарға сата алады. Хотаннан сарайға жыл сайын 80 ланға дейін алтын жөнелтіледі. Бірақ алтынның көп мөлшері лазурит, феруза, лағылмен бірге Памир, Қаратегін және Болорда өндіріледі.*

*И. В. Мушкетов*

**67.3(5Қаз)**
**У 17**

**Уәлиханов, Ш.** Сот реформасы жайында жазба [Мәтін] / Уәлиханов Ш. - А. : Жеті жарғы, 2003. – 116 б. - : сурет.




Кітапта қазақтың ағартушы, демократ ғалымы Шоқан Уәлихановтың (1835-1865) аса көрнекті шығармасының бірі «Сот реформасы жайында жазба» атты еңбегі басылған. Мұнда тарихи дамудың жалпы көкейтесті мәселелері, қазақ қоғамының әдеттегі құқық пен сот істері, реформа жүргізілген кездегі тарихи жағдайлар, ұлттық ерекшеліктер қамтылған.



# ОЛ ТУРАЛЫ






84(5Қаз)
Б 34

**Бегалин, С.** Бала Шоқан Мәтін: повестер. Көп томдық шығармалар жинағы. 4 том / Сапарғали Бегалин. – Алматы: «Балалар әдебиеті» баспасы, 2009. - 268 б.




Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, белгілі балалар жазушысы Сапарғали Бегалиннің көп томдық шығармалар жинағының төртінші томына повестері еніп отыр.



МАЗМҰНЫ

Повестер

БАЛА ШОҚАН ........ 3
Мүсінші Мысық ........ 3
Ақын алдында ........ 7
Тұңғыш естелік ........ 19
Сонаршылар тобында ........ 24
Өрісті өнердің белгісі ........ 31
Нағашы аулына саяхат ........ 39
Ұядан ұлы жолға ........ 52
Жаңа достар арасында ........ 62
Дала сұңқары қырға қарайды ........ 66
Аңсаған ауылға оралғанда ........ 67
Көңілсіз көріністен кейін ........ 74
Екінші қыста ........ 76
Аға достар арасында ........ 79
Есею жылдары ........ 82

ҒАЛЫМ ШОҚАН ........ 92
Жетісу сапары ........ 92
Ыстықкөл сапары ........ 129
Ш. Уәлихановқа хат ........ 140
Қашғария сапары ........ 148
Петербург сапары ........ 169
Петербургтен ауылға ........ 183

КӨКСЕГЕННІҢ КӨРГЕНДЕРІ ........ 194
СӘТЖАН ........ 230
«Таңбалы таста» ........ 230
Балапан ұясында ........ 235
Тырнақалды ........ 239
Құс қуған бала ........ 243
Жанайдың жаңалықтары ........ 248
Алғашқы сонарда ........ 252
Жорға тауына жорық ........ 257



**63.3(5Қаз)**
**У17**

**Шоқан Уәлиханов** [Мәтін] : өмірі, қызметі, суретшілік өнері / [құраст. Е. Манашов]. - А. : Өлке, 2013. – 352 б.




Кітап қазақтың ұлы ғалымы, ағартушылық мәдениеттің тұңғыш өкілдерінің бірі, шығыстанушы, тарихшы, фольклоршы, этнограф, географ, Шоқан Уәлихановтың өмірі мен қызметтері жайында жазылған тарихи әңгімелер мен зерттеулерден құралған.

Шоқанның арғы бабасы Абылай хан билеген XVII ғасырдағы қазақ тарихынан басталатын бұл жинаққа атасы Уәли ханның, Көкшетау сыртқы округының аға сұлтаны болған әкесі Шыңғыстың және Шыңғыстың анасы Айғаным ханшаның, өмірлері жайында жазылған мағлұматтар да енген.

Бұл еңбекте ғалымның туып-өскен, білім алған ортасы және Іле Алатауы мен Қашқар жеріне жасаған саяхат-сапарлары жайында кеңінен тоқталады. Сондай-ақ оның өмірге өзіндік көзқарасын, әсіресе суретшілік қырын терең танытады.

Жинақта Шоқанның өз қолымен салған көптеген суреттері қоса беріліп, оның тарихи ескерткіштер (тас мүсіндер, қорғандар, күмбездер) төңірегіндегі ғылыми ізденіс істері сөз болады.



63.3(5Қаз)
Б38

**Бейсенбайұлы, Ж.** Шоқан [Мәтін] : ғұмырнамалық деректі хикаят / Жарылқап Бейсенбайұлы. - А. : Қазақстан, 2009. – 608 б.




Жарылқап Бейсенбайұлы көп жылдар бойы Шоқан өмірін зерттеп, оның Ыстықкөл сапарының ізін қайталай жүріп өткен, ұлы тұлға ғұмыр кешкен мекендерді аралап, осы тақырыпқа арналған «Шоқан ізімен» (1977), «Жасын-тағдыр жарқылы» (1987) атты кітаптары, көптеген мақалалары жарық көрген белгілі журналист-зерттеуші, жазушы. Автор сол кездерден үзбей жинаған мол деректерін кейінгі жылдарда «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарияланып жатқан жаңа тарихи, мұрағаттық құжаттармен, ғаламтор (интернет) аясына орналастырылған дәйекті материалдармен, анықтамалық мағлұматтармен байыта отырып, Ш. Уәлихановтың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында қолдарыңыздағы көлемді тарихи-ғұмырнамалық деректі хикаятты бітірді. Кітапта қазақтың ұлы ғалымының өмірі мен оның заманына қатысты бұрын беймәлім боп келген көптеген тұстарға жаңаша барлау жасалынады, тиянақты байыптаулар түйіледі.







Шоқанның әкесі – Шыңғыс Уәлиұлы

Аға сұлтан Шыңғыстың жайлаудағы ауылы (1865 ж.ш.)



Н.И. Веселовский



Г.Н. Потанин



ЗАПИСКИ
ИМПЕРАТОРСКАГО РУССКАГО ГЕОГРАФИЧЕСКАГО ОБЩЕСТВА
ПО ОТДѢЛЕНІЮ ЭТНОГРАФІИ.
ТОМЪ XXIX.

СОЧИНЕНІЯ
ЧОКАНА ЧИНГИСОВИЧА ВАЛИХАНОВА.

С.-ПЕТЕРБУРГЪ.

Ш. Уәлихановтың 1904 жылы тұңғыш жарық көрген шығармалар жинағының атау беті.

84(5Қаз)
Б34

**Бегалин, С.** Шоқан асулары [Мәтін] : хикаят / Сапарғали Бегалин. - А. : Жазушы, 2013. – 240 б.




С. Бегалиннің «Шоқан асулары» хикаятында қазақтың ұлы ғалымы, әйгілі саяхатшысы Ш. Уәлихановтың балалық шағы, кадет корпусында оқыған жылдары, ғалым атанған кезі кеңінен қамтылған. Шығарма тартымды тілмен жазылған.






63.3(5Қаз)
К 68

**Көмеков, Б. Е**. Шоқан Уәлиханов [Мәтін] : [тарих, тұлға, уақыт] / Көмеков Б. Е., Өтениязов С. - А. : Аруна, 2006. – 100 б. - : сурет.




«Аруна» баспасы сіздерге арнап «Шығыстың ұлылары» атты топтаманың жалғасын ұсынады. Балалар мен ересектерге арналып қазақ және орыс тілдерінде жазылған бұл көркем суретті туындыда ұлтымыздың біртуар ұлы, қазақтың ұлы ғалымы, географ, этнограф, шығыстанушы, саяхатшы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың өмірі баяндалады.



*Бейнет пен қауіпке толы саяхаттар ғалым денсаулығына салқынын тигізбей қоймады. Көптен меңдеген науқас Петербургке келгеннен кейін асқынып, әл бермей кетті. Ол денсаулығын жөндемекші оймен уақытша Сырымбетке қайтуға мәжбүр болады.*

*Өмірінің соңғы жылында қатысқан Әулие-Ата экспедициясы оның ақырғы саяхаты еді. Ғылым әлемінің есігін ашып, төріне оза бастаған жалындаған жас шағында аққан жұлдыздай жарқ етіп жоқ болды. Көргеннің көзін тойдырып, топты ортадан ойдырған асқақ тұлғасы мен саналыға ой салар зерделі зерттеулері еңіреген елінің есінде мәңгі жатталып қала берді... Ғылым көгінде құйрықты жұлдыздай адамдық пен даналықтың қайталанбас үлгісін салып кеткен Шоқанның ерен еңбегі әлі талай ұрпақтың зердесіне өзінің нұрлы сәулесін түсірері даусыз.*



Мазмұны

Әке шешімі ........ 5
Үлкен өмірге қадам ........ 19
Жаңа достар арасында ........ 29
Қыран баласы қиырына асығады ........ 36
Аңсаған ауылда ........ 39
Талаптың тұлпарын ерттеген шақ ........ 46
Арқат атырабында ........ 53
Ыстықкөл сапары ........ 57
Құлжаға мәмілегерлік сапар ........ 65
Қырғыздар жайлы деректер ........ 70
Қатерлі Қашқария саяхаты ........ 73
Қарбалас қала тынысы ........ 83
Құйрықты жұлдыз секілді... ........ 93

83.3(5Қаз)
Ш34

**Шәбжантайқызы, М.** Шығарма-ой толғауының жүйеленген жемісі [Мәтін] / Мақтым Шәбжантайқызы. - Көкшетау : Келешек-2030, 2010. – 84 б.






Шоқан шыңы
(Шоқан Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығы туралы)

Ой-пікірі тың, не нәркені болсын қабылдауға қабілетті қазақ халқының ой мен сөзүінің өсуіне бөгет болатын олі схоластика болмаса,... шындығына келгенде, олардың, қазақтардың жазба түріндегі ескерткіштері немесе ауыз әдебиеті, ауыз-әңгімелері бар. Өлеңге, әсіресе суырып салма өлеңге бейімділік барлық көшпелі елдердің өздеріне тән ерекшеліктер деуге болады... Мысалы, "Ер Көкше мен Ер Қосай" жырының өлеңдері көркем, дыбыс әуезділігі күшті, жыр оқиғасы басынан аяғына шейін қызықтырып отырады.

Шоқан Уәлиханов, Шығармалары, 225-бет.

Жоспар.

І Кіріспе.

Халқымыздың озық дәстүрі отбасында терең тамырын жайды.

3



Мазмұны

1. Шоқан шыңы (Ш.Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығы туралы) ....3
2. Жұртына білім сыйлаған (Ы.Алтынсарин туралы) ....23
3. «Атымды адам қойған соң...» (Абайдың адамгершілік туралы толғамдары) ....39
4. Абайдың қара сөздері ....50
5. Шәкәрім шығармаларындағы азаматтық әуен ...67



**83.3(5Қаз)**
**С28**

**Сәтбаева, Ш. Қ.** Шоқан Уалиханов [Мәтін] ; Шакарим Кудайбердиев. [5 т.]. 3 т. / Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаева. - Астана : Елорда, 2011. – 320 б.







**26.8г(5Қаз)**
**Б38**

**Бейсенова, Ә.** Өмір өткелдері [Мәтін] / Бейсенова Әлия. - А. : Білім, 2007. – 240 б. : сурет.


Бесінші тарау

Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АНТИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТТІҢ КӨРКЕМДІК БЕЙНЕЛЕРІ


Бірінші тарау

ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТУРАЛЫ ЕҢБЕКТЕРІ


ШОҚАН УӘЛИХАНОВ – ГЕОГРАФ ЖӘНЕ САЯХАТШЫ

*(туғанына 170 жыл қайтыс болғанына 140 жыл толуына орай)*

# Шоқан еңбектері басылып шыққан танымал кітаптар









# Шоқанның нақылдары

Қазақ халқы – ең бір бейбіт халықтардың бірі.

Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет.

Тек ақиқат білім ғана күдік туғызбайды, ол өмірді бағалауға, тұрмыс құруға үйретеді.

Дүниеде әділдік пен адалдықты ту еткен адамнан артық ешкім жоқ.

Қазақтар – жақсылықтың қадірін білетін халық!



Ұлы ғалым Шоқанның 180 жылдығына арналған "Шоқан Уәлиханов керуенінің ізімен" атты ғылыми-танымдық экспедиция көне де жұмбақ қала - Қашғарға жетті, - деп хабарлайды Tengrinews.kz-тің сапарға қатысып жатқан тілшісі.

Қазақстан ұлттық географиялық қоғамының осы жобасына қатысушылар Қашғарға барар жолда Күшәр қаласына бірнеше күн аялдады. Шоқан Уәлихановтың жазбаларында "Бұл - 10 мың үйден тұратын ірі қала, мұнда мұсылмандар тұрады, 600 адамнан құралған қытай әскері бар. Хи-ши-хоа өзені қала мен қытай әскери қалашығы арасын бөліп тұр", - делінеді.

moreInfo:http://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/shokan-ualihanov-keruennn-zmen-ekspeditsiyasyi-kashgarda-255746/



Бүгінгі Қазақстанда Шоқан Шыңғысұлының бастамасы – көрегендік идеясы, еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев жүргізіп отырған ішкі және сыртқы Қазақстан Республикасының саясатында нақты көрініс тауып іске асырылуда. Кез келген мемлекет тұрақтылық жағдайында дамуы үшін оның территориясы, жері, байырғы халқы, өзіндік тілі болуы шартты екені белгілі.

**Шоқан: «Өмірдің жоғары үлгісі» туралы көзқараста болды.**

Назар аударғандарыңызға рахмет! www.libr.e-taraz.kz